

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



**Анар ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
қарындасы:

## «АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ ДА АЛТЫН»

Жақсының жалғасы, тектінің теберігі болған, исі қазаққа ортақ қара шаңырақты шайқалтпай, түтінін түзу шығарған асыл ағамыз – Бақытқожа туралы айтылатын сөз, жазылатын кітаптар әлі де өте көп деп ойлаймын. Себебі, ағамыздың халқына берері мен айтары бар. Тумысы бөлек ерекше жанның биіктігін, кеңдігін, тереңдігін, ешкімге ұқсамаған өзгеше өмір жолын таңды таңға ұрып әңгіме етсең де таусылмасы анық. Отбасымызда он баланың ішінде тосылып айтпай, басып айтатын, сөзге ұста, ойға жүйріктігімен ағамыз өзін ерекше ұстай білсе, қызмет ортасында да сондай бейнесін көрсете білді. Соның жемісі достықтың жалауын асқақтатып, өзіміз түгілі өзгелердің мақтанышына айналып отырғаны. Әкеміздің тірегі, отбасымыздың жүрегі, ағайындарымыздың ақылшысы, жеңгемізге адал жар, іні-бауырларымызға қамқор әке, бізге аға бола білген кісі.

Жас кезімізден ағамыздың тәрбиесінде жүріп, ол кісінің басынан өткерген небір қиындықтарға төзгенін, бәрін шыдамдылық танытып, сабырмен жеңгенін көріп өскен біз де, өмірдің сан алуан соқпақтарынан сүрінбей өтуге дайын болдық. Біз бір-бірімізді емеуріннен түсінеміз. Сонымен адам бақытты. Жалпы, адамның ең үлкен байлығы – жанында түсінетін жанның болғаны... Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, бүгінгі таңда осындай дәрежеге жетуімізге көп үлесін қосқан ағамды, менің ағам етіп жібергені Алланың маған берген ең ардақты сыйы деп білемін. Біздің Төлегеновтер әулетінде «менікі», «сенікі» деген ұғым жоқ болатын. «Біз», «біздікі» деген ұғым қалыптасқан. Көзқарасымыз бірдей. Түсінісу арқылы рухани бірлікке, үйлесімділікке жетеміз деп әркез айттып, құлағымызға жай ғана биязы үнімен құя білді. Судай ағып, желдей есіп, қас пен көздің

арасында өте шығатын қысқа өмірді бағалауды үйретті.

Қазақта: «Түйенің арқалағаны алтын болса да, жегені жантақ» деген бар емес пе. Ағам жан азабы мен тән азабын қабат тартып, жығылып-сүрініп жүріп өздігінен еңсесін көтерген Алланың сүйікті құлы. Неге десеңіздер, Алла өзі жақсы көретін пендесін көптеген сынаққа алады екен. Алдында ақыл айтар ағасы, артында тыныс болар жаны жоқ, сүйенерге мықтысы жоқ болса да «тағдырым ауыр болды» деп ешкімге шағымданбады, өкпелемеді. Талай таршылық-қиыншылықтарда қайыр күтіп «беруге міндеттісіңдер» деп, біреудің, тіпті, туыстарының алдына барып есік қағып төмендеп, аласармады. Басына түскеннің бәрін төзімділікпен, сабыр-тағатпен жеңе білген барға да, жоққа да шүкіршілік еткен ғажап жан. Осы қасиеттерін бізге де үйретіп, әлі күнге дейін ақылын айтудан шаршамай келеді. Осыдан он-он бес жыл бұрын қатты бір рухани да, материалдық та тоқырауға ұшыраған сәтімizde мұңаймандар, берілмеңдер деп, кітап сөрелерінен арнайы мынау Анар, Жанар бауырыма деп Дейл Карнегидің кітабын әкеліп беріп оқыңдар, түсінбесеңдер қайталаңдар, тағы түсінбесеңдер менен сұраңдар дейтін.

Әкемізден көрген барлық тәрбиесін, өз ұл-қыздарының бойына дарыта білген. Оның айғағы шаңырағына табан тірей қалсаңыз, көзіңізбен көріп таңданып, тамсанып қайтасыз.

Ағамның 60 жасқа толған мерейтойында қазақ еліне өздерінің білім мен ғылымға, жаңалыққа жаны құштар, шығармашыл ұлдарының бар екенін жақсы, жіті таныстыру мақсатында осы журналға шығаруды ойладық. Қазақтың нағыз шығармашыл ұлының еңбегі еленуі қажетті де. Өйткені, ағамның жасап жүрген еңбектері болашаққа даңғыл жол ашады.